

Ескерткіштің ашылуы шаһардың 60 жылдық мерейтойына орайластырылған. Қоладан құйылған монументтің биіктігі тұғырымен бірге алты метрден асады. Ескерткіштің ашылу салтанатына Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының немересі Зарауха Шарапиева, шөбересі Абай Шарапиев те қатысты. Мүсіншілер Жаубасар мен Жарылғасын Иғланбекұлы бұл жұмысқа бір жылдай уақыт жұмсағандарын айтты.

Павлодар облысының әкімі Болат Бақауовпен бірге монументтің бетіндегі матаны қазақтың ұлы зерттеушісінің шөбересі Абай Шарапиев ашты.

«Менің ата-анам Мәшһүр Жүсіп атамның талап қоя білетін адам болғанын айтатын. Ол еңбек еткен қарапайым адамдарды қатты сыйлаған. Баянауылда оның ұсталықпен айналысқан достары өте көп болған. Олардың төрінде менің атам әрдайым қонақ ретінде құрметке бөленген», — дейді Абай Шарапиев.

Шара барысында мектеп оқушылары Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының бірнеше шығармасын орындап, соңынан ескерткішке гүлшоқтары қойылды.